

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ  
«8D111 - Қызмет көрсету саласы» кадрларды даярлау бағытындағы  
«6D090200 - Туризм», «8D11105 - Туризм» мамандығы бойынша  
диссертациялық кеңесінің 2021 жылға**

**Есебі**

**1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер:** «8D111 - Қызмет көрсету саласы» кадрларды даярлау бағыты «6D090200 - Туризм», «8D11105 - Туризм» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте 2021 жылы 9 отырыс өтті, оның ішінде 5-і диссертациялық жұмысты қорғауға арналған.

**2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда):**

**Диссертациялық кеңестің бекітілген тұрақты құрамы 3 адам:**

- диссертациялық кеңес төрайымы – Муталиева Ляйля Маратовна, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі;

- диссертациялық кеңес төрайымының орынбасары - Сыздықбаева Бакыт Узакбаевна, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының профессоры;

- диссертациялық кеңес ғалым хатшысы - Тлеубаева Айтолкын Тлеубайқызы, философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының доцент м.а.

**Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері:**

- Дунец Александр Николаевич, география ғылымдарының докторы, доцент, Алтай мемлекеттік университетінің ғылыми және инновациялық даму жөніндегі проректоры (Барнаул қ., Ресей Федерациясы);

- Абдиманапов Бахадурхан Шарипович, география ғылымдарының докторы, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жаратылыстану және география институтындағы география, қоршаған орта және қызмет көрсету саласы білім беру бағдарламасы бойынша дайындық бағытының профессоры (Алматы, Қазақстан Республикасы);

- Нұрғалиева Алмагүл Шаймұратқызы, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ технология және бизнес университетінің «Экономика және сервис» факультетінің деканы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы);

- Метин Козак - философия докторы (PhD), Kadig Has университетінің профессоры (Стамбул қ., Түркия Республикасы);

- Смыкова Мадина Раисовна – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Алматы Менеджмент Университеті» ОМ «Менеджмент мектебінің» профессоры (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);

- Девадзе Анзор Хемидович - экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Шота Руставелли атындағы Батуми мемлекеттік университеті Туризм департаментінің жетекшісі (Батуми қ., Грузия);

- Ниязбаева Алия Турсыновна – философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының доценті (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы).

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі:**

<b>№</b>	<b>Докторанттың аты-жөні</b>	<b>ЖОО</b>
1	Кадырбекова Динара Сериқовна	Қазақ спорт және туризм академиясы
2	Асқарова Гульнаш Кибашевна	Қазақ спорт және туризм академиясы

3	Тансель Терджан	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
4	Акимов Жаксылык Макмутович	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
5	Касымова Айгерим Маликовна	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

#### 4. Келесідей бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

##### 1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

- **Д.С. Кадырбекованың** «Туризмнің кәсіби мамандарын дайындауда Жетісудың туристік-өлкетану мүмкіндігін пайдалану» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы «6D090200 - Туризм» мамандығы бойынша, (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғалды. Диссертациялық жұмысты қорғау отырысы 2021 жылдың 17 қыркүйегінде өткізілді. Туризм саласында кәсіби мамандарды даярлауда диссертациялық жұмыс өзекті тақырыптардың қатарында. Зерттеу материалдары мектептердің, колледждер мен ЖОО-дың білім алушыларына, туристік-экскурсиялық бейіндегі мамандарға, экскурсоводтарға туризм индустриясы субъектілерінің білім беру және кәсіптік қызметін ұйымдастыру бойынша дайындық пен практикалық қызметке көмектеседі, сондай-ақ өңірлік және ұлттық деңгейде туристік-өлкетану жұмысының тиімділігін арттыруға оң әсер етеді.

- **Г.К. Аскарованың** «Ақтөбе облысының ішкі туризмнің тұрақты дамуының аумақтық ерекшеліктері» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы «6D090200 - Туризм» мамандығы бойынша, (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғалды. Диссертациялық жұмысты қорғау отырысы 2021 жылдың 17 қыркүйегінде өткізілді. Ақтөбе облысындағы ішкі туризмнің аумақтық ерекшеліктерін зерттеуге ден қойылған. Ішкі туризм модельдерін, соның ішінде аумақтық туризмнің тұрақты дамытудың үрдістерін теориялық-әдістемелік және ғылыми-практикалық қамтамасыз етудің жаңа көзқарастар жиынтығы қарастырылған.

- **Т. Терджанның** «Improving the efficiency of the hotel business: waste management and its improvement» (Қонақ үй бизнесіндегі тиімділікті арттыру: қалдықтарды басқару және оны жетілдіру) тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы «6D090200 - Туризм» мамандығы бойынша, (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғалды. Диссертациялық жұмысты қорғау отырысы 2021 жылдың 10 желтоқсанында өткізілді. Диссертациялық жұмыста Қазақстанда және түрлі елдерде жұмыс істейтін бес жұлдызды қонақ үйлердің қалдықтарын басқару және қайта өңдеу қарастырылған. Диссертация аясында қонақ үйлерде пайда болатын қалдықтардың түрлері, қалдықтардың пайда болу себептері, қалдықтарды азайту саласындағы саясат және қайта өңдеу қызметі арқылы экономикаға қандай үлес қосатыны түсіндірілген.

- **Ж.М. Акимовтың** «Ақмола облысында этникалық туризмнің дамуы» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы «6D090200 - Туризм» мамандығы бойынша, (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғалды. Диссертациялық жұмысты қорғау отырысы 2021 жылдың 22 желтоқсанында өткізілді. Ақмола облысында этникалық туризмнің дамуы зерттеліп талданған. Зерттеу материалдары ЖОО-дың білім алушыларына, туристік бейіндегі мамандарға, туризм саласы мамандарына жаңа туристік объектілер ашуда, кәсіпкерлер үшін жаңа бизнес жобалар қалыптастыруда, кәсіптік қызметкерлер үшін дайындық пен практикалық жобалар ұйымдастыруда көмектеседі, сондай-ақ өңірлік және ұлттық деңгейде туристік-өлкетану жұмысының тиімділігін арттыруға оң әсер ететіні қарастырылған.

- **А.М. Касымованың** «Қазақстандағы туризм саласын дамытуға көлік инфрақұрылымының әсері» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы «6D090200 - Туризм» мамандығы бойынша, (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін қорғалды. Диссертациялық жұмысты қорғау отырысы 2021 жылдың 22 желтоқсанында өткізілді. Алматы облысының туризм саласын дамытуға көлік инфрақұрылымының әсері талданып зерттелді. Диссертациялық зерттеулер барысында Қазақстан Республикасындағы туризм көлік инфрақұрылымының

қазіргі даму жағдайы мен өзекті мәселелерін талдау негізінде тұжырымдалған қорытындылары мен ұсыныстары мақұлданып, пайдалануға қабылдануы қарастырылған.

**2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған диссертациялар тақырыбының ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы;**

- **Д.С. Кадырбекованың диссертациялық жұмысына** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019-2025 жылдарға арналған туристік индустрияны дамыту жөніндегі бағдарламасыны, мемлекеттің Тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласының ережелерінің, сонымен қатар «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Қазақстанның киелі географиясы» бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстанның жалпыұлттық бірлігін, бейбітшілігі мен келісімін қалыптастырудың іргетасын қалау, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейде еліміздің мәдени-тарихи дәстүрлерін танымал ету сияқты бағдарламалары арқау болған.

- **Г.К. Аскаррованың диссертациялық жұмысына** 2018 жылғы 10 мамырдағы Қазақстан Республикасының туристік индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда аңшылық олжасын, экологиялық, этнографиялық және агротуризмді дамытуды көздейтін «5 институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» ұлт жоспары есепке алынып жасалған.

- **Т. Терджанның диссертациялық жұмысына** «Туризм индустриясын дамыту жөніндегі бірінші кезектегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы жарлығы, «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2001 жылғы 13 маусымда № 211-II қабылданған), «Туристерді орналастыру объектілерін сыныптау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2008 жылғы 11 қарашадағы № 01-08/200 бұйрығы, ҚР СТ 3.7-96. Туристік-экскурсиялық және қонақ үй қызметтерін сертификаттау тәртібі, Қазақстан Республикасының туристік индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арқау болған.

- **Ж.М. Акимовтың диссертациялық жұмысына** «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» 2001 жылғы 13 маусымдағы №211 Заңы; «Қазақстан - 2050» Стратегиясы, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2014 жылғы 17 қаңтардағы Жолдауы; Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 12 қыркүйектегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы; Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы «Ұлт жоспары –100 нақты қадам» бағдарламасы; Инфрақұрылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1055 қаулысы; Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы туралы 2014 жылғы 4 қарашадағы №939 Жарлығы; Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасы; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысы; «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризм инфрақұрылымын жасау» 1998 жылғы 27 ақпандағы №3859 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы есепке алынып жасалған.

- **А.М. Касымованың диссертациялық жұмысы:** Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы: Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусымдағы № 211 Заңы; Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 Қаулысы; Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 Қаулысы; Инфрақұрылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1055 Қаулысы; Қазақстан Республикасындағы көлік туралы: Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі № 156-ХІІІ Заңы; Автомобиль көлігі туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі № 476-ІІ Заңы; Теміржол көлігі туралы: 2001 жылғы 8 желтоқсандағы № 266-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы; «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының 2013 - 2022 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 желтоқсандағы №3 Қаулысы;

**3) диссертация нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу деңгейін талдау.**

- **Д.С. Кадырбекованың диссертациялық жұмысына келесідей енгізу актілері алынды:** Қазақ спорт және туризм академиясының туризм және сервис кафедрасының базасында оқу процесінде «Жетісу өлкетануы» пәні және «Жетісудың алтын шеңбері» кәсіби (оқу-өндірістік) практикасы, «Алматы облысының 150 экскурсиялық нысандары» қазақ тіліндегі оқу құралын апробациялау нәтижелерін енгізу актілері; Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жаратылыстану және география институтының «География, экология және туризм» кафедрасының оқу процесіне «Туризм» білім беру бағдарламасы бойынша «Алматы облысының туристік - топонимдерінің сөздігі» электрондық оқу құралын енгізу актісі; «Europe Asia Corp», «GID TRAVEL» туристік компанияларына «Жетісудың алтын шеңбері» туристік маршруты мен технологиялық картасы енгізу актісі; Іле ауданы білім бөлімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесі №19 орта мектебінің, Еңбекші қазақ ауданы білім бөлімінің «Әл – Фараби» атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу процесіне Алматы облысының «Жетісу өңірінің табиғи-рекреациялық өлкетану нысандарының» картасы, «Жетісу өңірінің тарихи-мәдени өлкетану нысандарының» картасы; «Жетісу өңірінің киелі орындарының» картасы, Алматы облысы аудандарының туристік карта-сызбасының атласын енгізу актісі.

- **Г.К. Аскарованың диссертациялық жұмысына келесідей енгізу актілері алынды:** Ауыл туризмін, агротуризмді дамыту жөніндегі ұсынымдарды, этноауыл тұжырымдамасын «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» мемлекеттік мекемесіне енгізу актісі (30.04.2021 №159 қабылданды және ішкі туризмді дамыту тұжырымдамалары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдаланылатын болады). Ауылдық туризмді және қала маңындағы аумақтарды дамыту бойынша диссертация материалдары, интерактивті картаны «Зере Тур» ЖШС нан енгізу актісі (01.05.2021 ж.).

- **Т. Терджанның диссертациялық жұмысына келесідей енгізу актілері алынды:** Негізгі ғылыми нәтижелері Rixos Hotel экономикалық-қаржылық көрсеткіштері мұқият зерттеліп Rixos Hotel Sungate (Анталия, Түркия) және Rixos Waterworld Ақтау (Ақтау, Қазақстан Республикасы) қызметінен енгізу актісі алынды. Сонымен қатар, диссертацияның ең маңызды тұжырымдары «Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ-да оқу процесіне енгізу актісі алынды. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «ЕМВА жеке өмірдің бизнес-стратегиясы» бағдарламасына арналған «Шығындарды бақылау» пәні аясында да енгізу актісі.

- **Ж.М. Акимовтың диссертациялық жұмысына келесідей енгізу актілері алынды:** Диссертациялық жұмысының нәтижелерін Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті «6В11102-Туризм» білім беру бағдарламасының «ТОІR63107-Қазақстанда этнотуризмді ұйымдастыру» (5 академиялық кредит) элективті курсы әзірлеуде қолдану мүмкіндігін растады; Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің оқу және оқу әдістемелік жұмысы жөніндегі проректорының қолы қойылған енгізу актісі.

- **А.М. Қасымованың диссертациялық жұмысына келесідей енгізу актілері алынды:** Зерттеудің ережелері мен берілген қорытындылары «Туризм инфрақұрылымы» және «Туризм менеджменті мен маркетингі» пәндерін оқыту үшін қолданылуы туралы енгізу актісі; Теориялық зерттеулердің нәтижелері І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті дайындайтын «6В11101-Туризм» Білім беру бағдарламасының оқу үрдісіне «Туризм инфрақұрылымы» таңдау курсы әзірлеу кезінде пайдаланылатыны расталып енгізу актісі.

**5. Ресми рецензенттер жұмысын (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып) талдау.**

**Диссертациялық кеңесте келесідей ресми рецензенттер диссертациялық жұмыстар бойынша өздерінің оң пікірлерін білдірді:**

- Мазбаев Орденбек Блисбекович, география ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының профессоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы);
- Секенұлы Адай, философия докторы (PhD), ЖШС «Eurasia-Astana» директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы);
- Абишов Нуржан Уринбасарович, философия докторы (PhD), Халықаралық туризм және меймандостық университеті «Туризм және қонақжайлық» кафедрасының меңгерушісі Түркістан қ., Қазақстан Республикасы);
- Садыков Жасулан Амангельдыевич, философия докторы (PhD), Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті «Әлеуметтік жұмыс және туризм» кафедрасының доценті (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы);
- Мурзамадиева Майнюра Саветовна, экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ректоры (Түркістан қ., Қазақстан Республикасы);
- Абдиқаримова Мадина Нурбулатовна, философия докторы (PhD), Халықаралық бизнес университеті (UIB) туризм және қонақжайлық кафедрасының доценті (Алматы қ., Қазақстан Республикасы);
- Нурғалиева Алмагуль Шаймуратовна, экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қазақ технология және бизнес университетінің «Экономика және сервис» факультетінің деканы (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы);
- Садуов Аскар Жумагулович, экономика ғылымдарының докторы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, «Маркетинг» кафедрасының профессоры (Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы).

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.** Құжатбастылықты азайту.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялар саны:**

- 1) қорғауға қабылданған диссертациялар саны - 5, оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары – 2;
- 2) қорғаудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары) - жоқ;
- 3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары) - жоқ;
- 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде, басқа ЖОО докторанттарының диссертациялары) - жоқ;

**Диссертациялық кеңес  
төрайымы**

**Л.М. Муталиева**

**Диссертациялық кеңес  
ғалым хатшысы**

**А.Т. Тлеубаева**

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл